



**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақ тіл білімі кафедрасы**

**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ,  
СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН» студенттердің  
IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,  
STYLISTICS, FINE TEXT»  
IV international scientific-theoretical  
conference of students  
MATERIALS**

**Астана, 2023**

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ  
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY NAMED BY L.N. GUMILEV  
FACULTY OF PHILOLOGY  
DEPARTMENT OF KAZAKH LANGUAGE EDUCATION



**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ, СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН»  
студенттердің IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,  
STYLISTICS, FINE TEXT»  
IV international scientific-theoretical conference of students  
MATERIALS**

**Астана қаласы, 2023**

**ӘОЖ 80/81+821.0**  
**ББК 81.2+83.3**  
**С37**

*Баспаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті  
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған*

**Редакция алқасын басқарған:** Бейсенбай А.Б.  
**Редакция алқасы:** Маликов Қ.Т.  
Саркенова Қ.Қ.  
Өмірбекова Ж.Қ.

**С37**

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 85 жылдығына орай «Серғалиев сабақтары – 2023» аясында өткізілген студенттердің «Тіл мен әдебиет теориясы, стилистика, көркем мәтін» атты IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, – 139 б. 2023.

**ISBN 978-601-337-820-6**

Конференция материалдарының жинағына академик М.С. Серғалиев еңбектерінің контексі, тіл мен ұлт, әлеуметтік лингвистика, коммуникативтік лингвистика, дискурс, контекст, тіл мәдениеті, көркем мәтін, тілдің құрылымдық, семантикалық және функционалдық мәселелері бойынша мақалалар енгізіліп отыр.

Жинақ филология факультетінің білім алушыларына арналады.

**ISBN 978-601-337-820-6**

**ӘОЖ 80/81+821.0**  
**ББК 81.2+83.3**

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!, –

деп заманынан озық туған, қараңғылыққа қарсы тұрып, халық өміріне даналық сәулесін шашқан ойшыл Абай – өзі сипаттаған «нағыз адамға» тән қасиеттердің бәріне ие, ұрпаққа үлгі етерлік тұлға.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай Құнанбаев Қалың елім, қазағым. – Алматы: Атамұра, 2002. – 224бет.
2. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы: 1994
3. Абайдың тәлімгерлік тағылымы («Абай тағылымы» атты конференция материалдары) – Алматы: 1996.

## ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Нұрмұханбетқызы Б.

*bibinurmukhanbet@gmail.com*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,  
6В02305 «Филология: қазақ тілі» тобының 4-курс студенті  
Астана, Қазақстан*

*Ғылыми жетекшісі – Тасболатұлы Ж.*

**Аңдатпа.** Қайсыбір талант иесі, мейлі ол ақын болсын, яки жазушы болсын ата дәстүрінен нәр алып, қалам ұстайды. Егер бөлек арна салып, халықтың тарапынан оң баға алып жатса, ол – оның даралығы. Бұл мақалада Абай мен Шәкәрімнің көркемдік және эстетикалық үндестігі мен даралық ерекшелігі қарастырылып отыр. Көркемдік дәстүр мәселесі екі классик суреткер шығармалары контекстінде қарастырылуы – ұлттық сөз өнеріміздің көркемдік қуатын тануда тың бағыт болып танылады.

**Аннотация.** Талантливые люди, будь то поэт или писатель, питаются традициями предков и держат ручку. Если построить отдельный канал и получить положительную оценку со стороны населения, то это его индивидуальность. В этой статье рассматривается художественно-эстетическая гармония и индивидуальность Абая и Шакарима. Проблема художественной традиции может быть рассмотрена в контексте произведений двух художников-классиков-национальное слово признано новым направлением в признании художественной мощи нашего искусства.

**Abstract:** Talented people, whether they are a poet or a writer, feed on the traditions of their ancestors and hold a pen. If you build a separate channel and get a positive assessment from the population, then this is its individuality. This article examines the artistic and aesthetic harmony and individuality of Abai and Shakarim. The problem of artistic tradition can be considered in the context of the works of two classical artists - the national word is recognized as a new direction in recognizing the artistic power of our art.

Қазіргі қазақ поэзиясы – жаһандану дәуірінде ұлттық сөз өнерімізді дамытуға ерекше үлес қосып келеді. Бұл кезең поэзиямыздың жанр, түр, мазмұн жағынан түрленген дәуірі десек те болады. Ұлттық поэзия деңгейінің мұндай биікке көтерілуінде тәуелсіздіктің рөлі ерекше. Осы уақытқа дейін поэзиялық талдау үлгілері ұлттық болмыстың көркем ойлау, бейнелеу ерекшеліктерінің эволюциялық мазмұнымен түсіндірілсе, қазіргі кезде заманауи парадигма тұрғысынан пайымдалады.

Ұлттық негіз, ұлттық болмыс хақындағы толғанымның бір көрінісін әсіресе поэзиядан көруге болады. Осындай тұтас байлықтың бүгінге ұсақталмай жетуіне бірден-бір ықпал етуші әдеби фактор – ақындар өлеңі. «Поэзия – жүректің сөзі. Бір жүректен шыққан шымыр сөз кем дегенде жүз жүректе бұғып жатқан бұла сезімнің бұлықсып бас көтеруіне түрткі болады. «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» деген ұлағатты сөздің өлеңге де, толық қатысы бар. Жүректегі сезімді оятқан өлең тегін өнер емесі анық. Өлеңнің өнегесі сол, ол адамдық сезімді ғана оятып қоймайды, оны адамзаттық асқақ сезімнің дәрежесіне дейін көтереді. Адамзаттық асқақ сезімнің шыңы ұлттық сезім де, өлең арқылы оянып, рухани күш алады» [1, 29].

Дәстүр мен жаңашылдық әдебиеттанудағы ең өзекті мәселелердің қатарында саналады. Себебі ол әдебиет дамуының, өркендеуінің негізі, жалпы тіршілік дамуының тетігі. Бұл екі ұғым бір-бірімен байланысты, бірінен екіншіс туындайды. Жаңара да жалғаса дамып отыратын әдеби процесс күрделі диалектикалық даму заңдылығына бағынады. Дәстүр мен жаңашылдық көне мен жаңаның, бұрынғы мен бүгінгінің аралығындағы табиғи жалғастық құбылысының заңдылығы. Мысалы, XX ғасырға дейін қазақ әдебиеті өлең сөз шеңберінде дамып келді және оның жаңадан қалыптасқан проза жанрына әсер етті. Әдебиетімізде қара өлеңнің десі басым болғандықтан, XX ғасырдың басында қара сөз шеберлерінің туындылары поэзияға жақын болды. Осыған байланысты Ә. Дербісалин: «Қай салада болмасын, жалпы дәстүр атаулыға тән қасиет – ол дайын күйінде тумайды, не өзге біреуден оңай алына салмайды, ол заманалар жемісі, тәжірибелер нәтижесі, уақыт сынынан, ұрпақтардың ақыл-ой елегінен мүдірмей өткен, халықтың тіршілік-тұрмысына жауап беру арқылы өміршең сипат алып, әрдайым өсіп, өніп, жалғасып отырғанәрі тұрақты, әрі жанды, белсенді құрал» [4, 8]. Жалпы дәстүр, оның ішінде поэзиядағы дәстүр де дамиды, өзгереді, жаңарады. Бірақ бұл үшін көбінесе халықтың тіршілігінде, өмірінде, санасында, көркемдік дүниетанымында, жаңа бетбұрыс, үрдіс, даму т.б. болуы қажет. Соның өзінде ежелгі дәстүрдің іштей түлеуі, біртіндеп жаңа сипатқа көшуі сияқты өзгерістерді басынан өткізеді. Белгілі бір дәстүрдің белгілі бір тарихи кезеңде өзгеруі мен жаңаруы жалпы ұлттық поэзияның ұлттық сипатынан айырылуы немесе кенет өзгеше сипатқа ие болуы боп есептелмейді. Дәстүрдің бірі де, бәрі де ұлттық поэзияның өзіндік дара қасиетін белгілейді. Сондықтан дәстүрдің өзгеруі мен жаңаруы жалпы ұлттық поэзияның арнасында, аясында болып жататын, оның жалпы тіршілік-тынысын, өсу қадамын танытатын, кем-кемдеп жаңа белгілерді бойына жинау тәрізді өзгерісін аңғартатын ішкі қалыпты жағдайлардан туады. Жаңашылдық – дәстүрді өзгертіп, оны қайта жасау, жаңа арна қалыптастыру. Әдеби шығармаға қатысты жаңашылдық дегеніміз – махмұн мен пішінді, яғни тақырыпты, идеяны, көтерілген мәселелерді, образдар жүйесі мен көркемдік-бейнелеу тәсілдерін жаңарту, жаңа ізденістерге жол ашу. Жаңашылдықтың негізінде көркемөнер, оның ішінде сөз өнерінің мүмкіндіктері туралы жаңа таным-түсінік, көзқарас жатады. Философиядағы «жоқтан бар болмайды» деген қағидаға сүйенсек, көркем өнердің даму үдерісінде жаңалықтар өзіне дейінгі мұраны, дәстүрді жоймайды, қайта оның кейбір элементтерін дамыта келіп жаңаша көркемдік ізденістермен, тың дүниелермен ұштастырады.

Қаламгердің дара шығармашылық ерекшелігін әдебиеттегі дәстүр мәселесімен сабақтас қарастырудың мәні зор. Әр жаңашыл ақын өзінен бұрынғы ақындар қол жеткізген көркемдік тәсілдерді, көркемдік даму тәжірибесін игеру арқылы дамиды да, өзі де жаңа ой қосады. Жаңашылдық – әдебиеттің мазмұны мен пішінін жаңаша көркемдік ізденістермен, жаңалықтармен байыту: жаңа қаһармандар жаңа озық идеялар, жаңа бейнелеу тәсілдері мен құралдары, жаңа көркемдік әдіс-бағыттар. Көркем өнердің даму үдерісінде жаңалықтар өзіне дейінгі мұраны, дәстүрді жоймайды, қайта оның кейбір элементтерін дамыта келіп, жаңаша көркемдік ізденістермен, тың дүниелермен ұштастырады.

Қазақ өлеңінің сөз кестесін, құрылысын, өлшем-өрнектерін, ырғақтық жүйесін, идеялық-көркемдік бітім-болмысын, сыр-сымбатын әлемдік әдебиет теориясы деңгейінде қарастырған академик Зәки Ахметов көп жылғы зерттеу тәжірибесі негізінде: «Поэзия – сөз өнері, көркемдік шеберліктік теңдесі доқ озық үлгісі. Оның үстіне поэзияның аса маңызды

әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алатын зор мүмкіншілігі бар. Ол – айналамыздағы дүниені, өмірді танып білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой-санамыздың, көркемдік, эстетикалық сезіміміздің үлкен, өнімді саласы», деп ой қорытады.

Дәстүр дегеніміз бір ұрпақтан келесі ұрпаққа ұдайы ауысып отыратын, тарихи тұрғыдан қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен іс-әрекеттердің рухани негізі екені белгілі. Мұның өзі көркемдік дәстүр жалғастығына да тікелей қатысты болып келеді. Өйткені әрбір ұрпақ өзінен бұрын ғұмыр кешкен барлық ұрпақтар жасаған рухани мұраны игеріп, оны жаңа қоғамдық-тарихи жағдайға сәйкес жетілдіріп отыруы тиіс. Сонда ғана қоғам дамуының рухани мүмкіндіктері объективті түрде жүзеге асады [3, 3].

Қазақ поэзиясындағы жаңа ашулар, үлкен бетбұрыстар ұлы Абай есімімен тығыз байланысты. Абай поэзиясы қазақ ақындары үшін талант өлшемі сияқты. Абайдың ақындық бастауынан қана ішіп, көркемдік нәрін сіңіріп, ішкі мазмұн ерекшелігін меңгеріп, еліктемеген ақын қазақта кемде-кем. Абай дәстүрін дамытып, қазақ поэзиясында берік орнықтыруда жетістіктерге жеткен ақындар жетерлік. Ешкімге ұқсамайтын, өзіндік қолтаңбасымен батыл енген, мазмұны, ішкі динамикасы серпінді, терең, әрі кең толғаған бірегей ақындарға баршылық. Ұлы ақынның қазақ өлеңінің ырғақ жүйесіндегі өзіндік қолтаңбасы болып танылатын алты аяқ, сегіз аяқ үлгілері қазақ поэзиясына дәстүрлі ырғақтық-интонациялық жүйе болып бекіп, қазақ өлеңін эмоционалдық-экспрессивтік, жалпы мелодикалық тұрғыдан байытып, төл әдебиетіміздің дәстүрлі құрылымдарының қатарына еніп, қазіргі поэзияда бұл ырғақтық жүйелер тақырыптық-идеялық, көркемдік-бейнелілік, ырғақтық-интонациялық сапасы тұрғысынан мазмұндала, толыса, құнарлана түсті.

Абай енгізген ырғақтық-интонациялық жүйелермен өлең кестелемеген қазақ аёыны кемде-кем. Сонау Шәкәрім, Ахмет, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Сәкеннен бастап, жаңа поэзия өкілдерінің барлығының шығармашылығында Абай өрнегіне түзілген өлеңдер табылатыны анық.

Қай кезде болмасын, өлеңнің тақырыптық-мазмұндық ерекшелігіне дөп түсетін ырғақтық-интонациялық өрісін шын мәніндегі шебер ақындарғана таба алған. Мәселен, мына өлеңнің ырғақтық-интонациялық жүйесі дәстүрлі қазақ өлеңінде бұрын кездеспеген. Ұзынды-қысқалы тармақтарды өзара сабақтастыратын соңғы бунақтардың үш буындылығы мен ұйқасушы сөздер:

Қорқыт, Қожа Хафиз түсіме енді де,

Осы әніне салып келді де,

Үш қайтара мұны сайратып,

Деді: «Көкейіңе енді ме?

Бұл әнге мынау жырды сал

Әні мен сөзін ұғып ал!

Ойыңмен қоштасар

Мезгілің таяу

Жыр жазбасаң, тартар ой,

Күннен-күнге жалқауланып баяу [5,183].

Алайда, өлеңнің құрылысы жаңа көрінгенмен, негізі толғау үлгісімен үндес. Шәкәрім толғаулардың осындай құрылымдық жүйесін жаңғыртып, жаңа дәуірге лайықтап, ұмыт қалмауын дәріштеген. Ақын осы өлеңнің көркемдік-құрылымдық жүйесі арқылы ерікті өлең түрінің тұрмыстық интонациясына жол ашады. «Шәкәрім қазақ поэзиясына ырғағы тіпті Абайда кездеспейтін өлең түрлерін енгізгенін атау керек» [6, 198].

Шәкәрім қазақтың дәстүрлі өлшемдерінде аса сирек қолданылатын, болмаса мүлдем қолданылмаған өлшемдерге шығарған өлеңдері арқылы барлық өлшеммен өлеңдер кестелеу мүмкіндігін көрсетті. Ақынның көп өлеңдерінде дәстүрлі қазақ өлеңінде бұрын жыраулар поэзиясында арақидік ұшырасатын тоғыз буынды өлшем, сегіз буынды өлшем мен алты буынды өлшем сабақтастығы Шәкәрім поэзиясында құрылымдық жүйе жасап, жаңа интонация тудырады. Шәкәрімнің тоғыз буынды өлшемді сегіз буынды өлшеммен сабақтастырып, біртұтас интонациялық жүйе жасау «Анадан алғаш туғанымда» өлеңінен көрінеді.

Анадан алғаш туғанымда

Жыладым неге дыбыстап,

Кіндікті кесіп қинағанда

Анамнан кеттім алыстап [5, 105].

Жаңашылдық дәстүрге сүйене отырып, оны біртіндеп дамытады, өзі де дәстүр қалыптастырады және өз кезегінде келесі жаңашыл ізденістер үшін қайнар көзге, дәстүрге айналады. Мысалы, халық поэзиясының дәстүріне сүйенген Абай өз дәуірінде жаңашыл-реформатор ақын болды да, өзінен кейінгі ақындар үшін дәстүрге айналды.

Қазақ поэзиясында дәстүр көрінісі әр дәуірде әр түрлі көрінетіндіген байқаймыз. Ол жалпы формалық және мазмұндық тұрғыда сараланады. Бірде форманың қолданысы белсенді болып, өлең тудырушылар осы дәстүрді үзбей келсе, бір уақыттары белгілі бір тақырып, мазмұн бірнеше ақындар шығармашылығына өзек болып дәстүр жалғастығын табады.

Жақсы дәстүр ұлттық көркем туындының нәрі, мықты қазықы сынды: оның жақсы мазмұнын да, лайықты формасын да аңғартады. Бұл жолда дәстүрдің кейбір тұрақты түрлері де, немесе, ұлттық психикаға, мінез-ғұрыпқа байланысты алуан түрлі көріністердің жиынтығы да белгілі қызмет атқарады. Мазмұн мен пішін бірлікті аңғартса, ұлттық дәстүр сол бірлікті айқындай түсетін, бекіте түсетін фактор. Себебі ұлттық мінез-құлықтың психиканың ұзақ тарихтық түзілісте белгілі бір тұрақтылыққа ие болуынан дәстүр осының мінезінің көрінісі. Мұнан дәстүрдің сана мен ақылда болатын, яки болмақ өзгерістерден бұрын тұратын, сондықтан оған біраз әсер ететінін белгілі болады.

Шынында дәстүр жалғасуы үнемі ұлттық арнада нақты стиль, тақырып, жанр ізімен жүруі шарт емес, оның өрісі ұлттық арнадан шығып жалпы интернационалдық алқапқа жайылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазіргі қазақ поэзиясындағы ежелгі әдебиет дәстүрі. – Алматы, 2009. – 379 б.
2. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.
3. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Астана: Елорда, 2000. – 288 б.
4. Дербісалин Ә. Дәстүр мен жалғастық. – Алматы, 1976. Б. 7-14.
5. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1988.
6. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995 – 208 б.